

ОЙЫЛ

ҚАРАСУЛЫҚТАРДЫҢ ҚУАНЫШЫ

КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАСТЫ ҚАРАСУ АУЫЛЫНДА КӨПТЕН КҮТКЕН МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН – ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЗ СУ ЖҮЙЕСІ РЕСМИ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ. АУЫЛ ТҰРҒЫН-ДАРЫНЫҢ ӨМІР САПАСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БҰЛ ИГІ ШАРА ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКА-ЛЫҚ ДАМУЫ ЖОЛЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ОТЫР.



Аталған нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Асқар Қазыбаев арнайы барып, ауыл тұрғындарын қуанышты жаңалықпен құттықтады. Өз сөзінде аудан басшысы ауыз сумен қамтамасыз ету – халықтың тұрмыс-тіршілігі мен денсаулығы үшін аса маңызды мәселе екенін атап өтіп, мемлекет тарапынан ауылдарды дамы-

ту, инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табатынын жеткізді. Жаңа су жүйесінің іске қосылуы нәтижесінде ауыл халқы енді сапалы әрі таза ауыз сумен тұрақты түрде қамтамасыз етілетін болады. Бұл өз кезегінде тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақ-

сартып қана қоймай, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына да оң әсерін тигізеді. Өз кезегінде ауыл тұрғындары көрсетілген қолдау мен атқарылған жұмыстар үшін аудан басшылығына және жауапты мекемелерге шынайы ризашылықтарын білдірді. Олар ауыз су мәселесінің шешілуі ауыл халқы үшін үл-

кен қуаныш әрі көптен күткен игілік екенін атап өтті. Қарасу ауылына ауыз су жүйесінің пайдалануға берілуі – елді мекендерді дамытуға, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған нақты істердің айқын көрінісі. Бұл бастама ауыл өміріне тың серпін беріп, болашақта өңірдің тұрақты дамуына негіз болмақ.

2026 ЖЫЛЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ, ЖӨРДЕМАҚЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

2026 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ (2026 ЖЫЛЫ 4325 ТЕҢГЕ) ПЕН ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІНІҢ МӨЛШЕРІ (2026 ЖЫЛЫ 50 851 ТЕҢГЕ) ӨЗГЕРДІ. СӨЙКЕСІНШЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ, ЖӨРДЕМАҚЫЛАР МЕН ТҮРЛІ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІҢ ДЕ СОМАСЫ АРТАДЫ.

Осы ретте көлер жылы зейнетақы, жәрдемақы, бала күтіміне, көпбалалы отбасылар және аналарға, мүгедектерге, асыраушысынан айырылғандарға төленетін жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдердің мөлшері қалай өзгерді? ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС ДЕҢГЕЙІ ҚАНША?

2026 жылы ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғыдай 85 мың теңге болып қала береді. Базалық әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі 2026 жылға 50 851 теңге шамасында белгіленді. 2025 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 46 228 теңге болды.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАНША ТЕҢГЕ БОЛДЫ?

2026 жылы базалық зейнетақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты есептеледі. Мемлекеттік базалық зейнетақының ең төмен мөлшері – 35 596 теңге болады (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы). Төлем мөлшері азаматтың 1998 жылға дейінгі еңбек өтіліне байланысты өсті: 15 жыл еңбек өтілі бар азаматтар – 40 680 теңге (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 80%-ы); 30 жылдан көп еңбек өтілі бар азаматтар 55 936 теңге көлемінде максималды базалық зейнетақы алады (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 110%-ы). Ең төменгі зейнетақы 2026 жылы 69 049 теңге болды. Бұл көрсеткіш республикалық

бюджет туралы заңда бекітілген. 2026 жылы зейнет жасы ерлер үшін де, әйелдер үшін де бұрынғыдай қала береді: ерлер – 63 жас, әйелдер – 61 жас.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ЖӨРДЕМАҚЫСЫ ҚАНША БОЛАДЫ?

2026 жылы көпбалалы аналарға төленетін мемлекеттік жәрдемақы мөлшері: 4 бала – 69 265 теңге (16 АЕК); 5 бала – 86 598 теңге (20 АЕК); 6 бала – 103 930 теңге (24 АЕК); 7 бала – 121 263 теңге (28 АЕК); 8 және одан көп бала – әр балаға 4 АЕК мөлшерінде, яғни кемінде 138 596 теңге. "Алтын алқа", "Күміс алқа" иегерлеріне жәрдемақы: "Алтын алқа" иелеріне – 31 997 теңге (7,4 АЕК); "Күміс алқа" иелеріне – 27 680 теңге (6,4 АЕК). БАЛА ТУАҒАНДА БЕРІЛЕТІН БІРЖОЛҒЫ ЖӨРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ҚАНША? Бала туғаннан кейін әйелдерге жұмыс істесе де, істемесе де біржолғы мемлекеттік жәрдемақы беріледі. Жәрдемақы сомасы бала кезегіне байланысты: Бірінші, екінші және үшінші балаға – 164 350 теңге (38 АЕК); Төртінші және одан кейінгі балаларға – 272 475 теңге (63 АЕК). Егіз, үшем немесе төртем болса, мемлекеттік жәрдемақы әр балаға жеке-жеке есептеледі. БІР ЖАРЫМ ЖАСҚА

ДЕЙІНГІ БАЛА КҮТІМІ ҮШІН БЕРІЛЕТІН ЖӨРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

Жұмыс істемейтін әйелдерге бала кезегіне қарай бір жарым жасқа толғанша ай сайын төлем беріледі: Бірінші балаға – 24 912 теңге (5,76 АЕК); Екінші балаға – 29 465 теңге (6,81 АЕК); Үшінші балаға – 33 951 теңге (7,85 АЕК); Төртінші және одан кейінгі балаларға – 38 503 теңге (8,9 АЕК). Егер анасы бала күтімі демалысына дейін ресми түрде жұмыс істеген болса, онда ол соңғы екі жылдағы орташа табысының 40%-ы мөлшерінде жәрдемақы алады.

АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖӨРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

Асыраушысынан айырылғандарға берілетін жәрдемақы ең төменгі күнкөріс деңгейіне және адам санына байланысты есептеледі: ата-анасының бірі болмаған жағдайда балаларға немесе еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне ай сайын – 46 783 теңге (2025 жылы – 42 530 теңге); екі адамға – 86 447 теңге (2025 жылы – 78 588 теңге); үш адамға – 114 415 теңге (2025 жылы – 104 014 теңге); төрт адамға – 132 213 теңге (2025 жылы – 120 194 теңге); бес адамға – 139 840 теңге (2025 жылы – 1127 129 теңге); алты және одан көп адамға – 152 553 теңге (2025 жылы –

138 685 теңге). Ата-анасының екеуінен де айырылған жетім балаға 78 311 теңге беріледі.

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРҒА БЕРІЛЕТІН ЖӨРДЕМАҚЫ ҚАНШАҒА ӨСТІ?

Жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 81 870 теңге мемлекеттік жәрдемақы төленеді. 7 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға және бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақы: I топ – 111 872 теңге; II топ – 93 057 теңге; III топ – 81 870 теңге. Ересектер арасындағы мүгедектігі бар адамдар: I топ – 111 872 теңге; II топ – 89 498 теңге; III топ – 61 021 теңге. Авария, жарылыс, радиация, экологиялық төтенше жағдай салдарынан мүгедек болып қалған қызметкерлер: I топ – 163 739 теңге; II топ – 139 840 теңге; III топ – 117 466 теңге. Кәсіби әскери және арнаулы органдар қызметкерлері (қызметтік жарақат, мертігу, ауру салдарынан): I топ – 200 357 теңге; II топ – 154 589 теңге; III топ – 117 466 теңге. Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға ол 18 жасқа толғанға дейін тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы – 81 870 теңге (2025 жылы – 74 428 теңге).

РЕДАКТОР БАҒАНЫ

АРТЫСЫҢ, 1383 ОҚЫРМАН!

ТАРИХЫ 100 ЖЫЛҒА ТАЯҒАН АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІ ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНА ЗОР ЖЕТІСТІКПЕН ҚАДАМ БАСТЫ. ҚАШАНДА УАҚЫТЫЛЫ, САПАЛЫ, ДӘЙЕКТІ АҚПАРАТ ТАРАТЫП ОТЫРҒАН БАСЫЛЫМ УАҚЫТПЕН БІРГЕ ТЫНЫСТАП КЕЛЕДІ.



Өздеріңіз білетіндей, аудандық газетте оқырман сұранысына сәйкес және жаһандану кезеңіндегі руханият саласының дамуына және жас ұрпақтың ұлттық сипаттағы терең біліммен сусындауына жол ашу бағытындағы жұмыс биыл да жалғасатын болады. Бүгінде ауданымыздың, облысымыздың ғана емес, егемен еліміздің абыройын асқақтатып жүрген жерлестеріміз көп. Олардың есімдерін, атқарып жатқан жұмыстары мен жетістіктерін жас буынға жеткізу де бізге парыз. Сондай-ақ ел Президентінен бастап ашықтық пен қолжетімділік қағидатын ұстанып отырған тұста аудандық газет сайты және әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы да ақпарат таратып отырмыз. Биыл ауданның бас басылымының жарық көргеніне 96 жыл толады. Бұл аз уақыт емес. Қашанда қара сөздің майталмандары ұзақ жылдар бойы газеттің өзіндік стилін қалыптастыру үшін аянбай еңбек етті. Біз басылымның іргетасын қалаған азаматтарды мақтан тұтамыз, олардың есімдері газет беттерінде ғана емес, жалпы аудан тарихынан ойып тұрып

орын алды. Біздің алдымызда аға буынның бізге қалдырған мұрасын арттырып, аудандық басылымның дамуына үлес қосу міндеті тұр. Ақпараттың көзі әлеуметтік желі болып отырса да, газетті әр отбасы асыға күтуі тиіс. 1383 оқырманға сенім білдіргендеріңіз біз үшін мақтаныш, сонымен бірге үлкен жауапкершілік. Бүгінде «Ойылдың» алдына қойылған міндеттің жүгі ауыр, себебі біз кезекті шығарылымға ғана емес, бүкіл ауданның ақпараттық кеңестігіне жауаптымыз. Ақпараттың сапалы болып, оқырманның сенімін ақтау үшін уақытпен санаспай жұмыс жасаймыз. Газет қызметкерлері шығарылымнан шығарылымға бағдар алып, аптаны жарық көрген газет санымен санаса, жылды соңғы шығарылыммен аяқтайды. Бұл біздің жұмыстың бір ерекшелігі. Біздің сіздермен бірге алатын асуымыз, жететін беле-семіз әлі де алда. Біздің әрбір жетістігіміз – оқырманның қолдауының нәтижесі. Алдыңғы буын салып кеткен сара жолды абыроймен жалғастыратынымызға сенеміз.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2026

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2025 жылғы 31 желтоқсан № 27 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі әкімінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабының 1-тармағы, 2) тармақшасына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:** 1. Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі әкімінің сайлауы 2026 жылғы 8 ақпанға тағайындалсын: 2. Ауылдық округтің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну 2026 жылдың 1 қаңтарынан басталып және ұсыну мерзімінің аяқталуы 2026 жылдың 13 қаңтар күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін. 3. Ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды тіркеу мерзімінің аяқталуы 2026 жылғы 18 қаңтар күнгі сағат он сегізге дейін болып белгіленсін. 4. Осы қаулы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Б.Бисекенов

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Н.Көнжебеков



ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2025 жылғы 31 желтоқсан № 28 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде сайлау округін құру туралы
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4 тармағына және 22 бабына сәйкес, Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі әкімін сайлау жөнінде мынадай сайлау округі құрылсын:
1) Қайыңды ауылдық округінің шекарасында - Қайыңды сайлау округі;
2. Сайлау округінің тізімі, оның шекарасы және Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: **Б.Бисекенов**
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: **Н.Кенжебеков**

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІН САЙЛАУ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы және орналасқан жері
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 56А үй, тел. 8 (71332) 2-16-10 Бисекенов Берік Төлеуұлы - төраға Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы - төрағаның орынбасары Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы - хатшы
Комиссия мүшелері:
Досымбаева Мира Бауыржанқызы
Қартбаев Серік Сағынұлы
Маханова Самал Асқарқызы
Шаймақов Медет Шекеұлы

2026 жылғы 8 ақпанға тағайындалған Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі әкімін сайлаудағы уәкелетті сайлау комиссияларының құрамы
№ 412 уәкелетті сайлау комиссиясы
Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
Ақбисенова Алтынзер Забихоллақызы - төраға Мұханбетов Серік Қойшыбекұлы - төрағаның орынбасары Тілектесова Аяғөз Өсетқызы - хатшы
Комиссия мүшелері:
Жаманқұлов Қарашаш Орынбасарқызы - хатшы Қазиева Назгүл Тұрғалиқызы

№ 413 уәкелетті сайлау комиссиясы
Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42
Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы - төраға Батырғалиев Нұрлыбек Еңсегенұлы - төрағаның орынбасары Жақсыбаева Қарашаш Орынбасарқызы - хатшы
Комиссия мүшелері:
Имағамбетова Қалия Қанатбайқызы
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: **Б.Бисекенов**
Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: **Н.Кенжебеков**

Ойыл ауданы Қайыңды ауылдық округіндегі сайлау уәкелеттерінің шекаралары

№ 412 сайлау уәкелесі

Сайлау уәкелесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы Мектеп көшесі 4, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық клубының ғимараты.
Сайлау уәкелесінің шекаралары: Ақжар ауылы: А.Иманов, Ш.Берсиев, Кеңес, Қайыңды, Мектеп, Жастар көшелері.

№ 413 сайлау уәкелесі
Сайлау уәкелесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Көсембай ауылы Орталық көшесі 10, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көсембай ауылдық клубының ғимараты.
Сайлау уәкелесінің шекаралары: Көсембай ауылы: Ынтымақ, Орталық, Бұлақ көшелері.
Аудан әкімі: **А.Қазыбаев**

ПАРЛАМЕНТ РЕФОРМАСЫ, САЛЫҚ КОДЕКСІ ЖӘНЕ АЭС ҚҰРЫЛЫСЫ: 2026 ЖЫЛЫ ЕЛДЕ НЕНДЕҮ ӨЗГЕРІС БОЛАДЫ?



Алдағы жылдары Қазақстанның даму траекториясында жаңа бетбұрыс болуы мүмкін. Қазірдің өзінде сарапшылар макроэкономикалық болжамдар айтып, ішкі-сыртқы саясат пен мемлекеттік құрылымға қатысты долбарын дайындап отыр.

Басты жаңалық — Салық кодексі

Экономикалық тұрғыдан алғанда, 2026 жылы елдегі ең басты өзгеріс Салық кодексінен басталмақ. Жыл аяғы саладағы жаңалықтың шет-жағасы естілген еді, азын-аулақ өзгеріс ерте енді. Ал 2026 жылы түбегейлі жаңарудың алдында тұрмыз. Себебі келер жылдан бастар қабылданған жаңа кодекс күшінде.

Салық саласының сарапшысы, есепші Айжамал Әбдікерімованың айтуынша, реформа көлеңкелі экономиканың үлесін қысқартып, салық жүйесін барынша ықшам әрі түсінікті етеді. Бір мысал, бұған дейін елімізде 8 түрлі салық режимі қолданылса, енді олардың саны азаяды. Бұдан былай, 3 негізгі формат қалған: жалпыға ортақ режим, жеңілдетілген режим және ауыл шаруашылығына арналған арнайы режим.

Сонымен қатар орта және шағын кәсіпкерлікке арналған жеңілдік сақталмақ. Такси жүргізушісі, шаштараз секілді кәсіппен айналысатындар — айна 1,3 миллион теңгеге дейін табыс табатын тұлғалар жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей-ақ жұмыс істей алады. Бұл жағдайда олар ай сайын бір ғана төлем жасайды, оның 4 пайызы автоматты түрде зейнетақы мен медициналық сақтандыруға бағытталатын болады.

Дегенмен, сарапшы бұл режимнің болашақта зейнетке шығуды немесе декреттік төлемдерді жоспарлаған азаматтар үшін тиімсіз екенін жасырмайды.

Оған қоса сарапшы Салық кодексі нарық бағасына да әсер етпек.

— Қазір ең көп талқыланып жатқан өзгерістердің бірі — қосымша құн салығының өсуі. Бұрын оның мөлшерлемесі 12 пайыз болса, енді 16 пайызға дейін артады. Бұл банк қызметтерінің, балабақшалар мен түрлі үйірмелердің, сервистік қызметтердің қымбаттауына әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ тұрғын үй бағасының өсу қаупі бар. Себебі бұған дейін ҚҚС-тан босатылған құрылыс компаниялары енді бұл салықты төлеуге міндеттеледі, — дейді ол.

Айжамал Әбдікерімованың сөзінше, құрылыс саласына

жүктелетін қосымша салық ауыртпалығы тікелей пәтер бағасына да қосылуы ықтимал.

Жаңа Салық кодексінде банк секторына қатысты да маңызды өзгерістер қарастырылған. Банктер үшін корпоративтік табыс салығы 15 пайыздан 25 пайызға дейін өседі. Бұл өз кезегінде банк қызметтерінің қымбаттауына әкеледі деген болжам бар. Сонымен қатар жекеменшік балабақшалар мен мектептер сияқты әлеуметтік саладағы кәсіпкерлер жаңа жылдан бастап салық төлеуге міндеттеледі.

Сарапшының айтуынша, мемлекет тарапынан бақылау да күшеймек. Енді мүлік пен көлікке қатысты барлық операциялар автоматты түрде қадағаланады, ал төленбеген салық берешегі үш жылға дейін кері өндіріліп алынады.

— Жаңа Салық кодексі — тек кәсіпкерлерге емес, бүкіл қоғамға әсер ететін ауқымды реформа. Қызмет бағасы өседі, тұрғын үй қымбаттайды, банк операциялары да қымбат болуы мүмкін. Сондықтан әрбір азамат бұл өзгерістерден хабардар болып, алдын ала дайындалуы қажет, — деп түйіндеді Айжамал Әбдікерімова.

Бір палаталы Парламент Келер жылы Парламент Сенатының құрылғанына 30 толады. Алайда, бұл дата Сенат тарихындағы соңғы кезең болуы мүмкін. Қасым-Жомарт Тоқаев кезекті Жолдауында партиялық тізіммен сайланатын жалғыз палаталы парламент құруды ұсынды. Президент сөзінен ұққанымыз, 2027 жылы елде парламент реформасы жөнінде жалпыұлттық референдум өтіп, кейін Конституцияға түзету енгізілмек. Әзірге ұсыныс деңгейіндегі мәселе болғанымен, тақырып қоғамда қызу талқыланып жатыр.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ саяси зерттеулер бөлімінің басшысы Жанар Санхаеваның айтуынша, бір палаталы жүйе мемлекеттік құрылымды біршама өзгертуі мүмкін.

— Бір палаталы модельге көшу парламентшілік құрылымдардың нығайуының арқасында жүзеге асады. Осылайша, парламенттік оппозицияның құқықтарын кеңейту, заң жобаларын жан-жақты қарау мүмкіндігімен комитеттер жүйесін нығайту, сондай-ақ Парламентаризм институтының және басқа да талдау қызметтерінің жұмысы арқылы сараптамалық инфрақұрылымды дамыту арқылы бақылау функциялары қайта бөлінді және күшейтілді. Осының барлығы Мәжілісте алты саяси партия-

ның өкілдігі бар көппартиялық жүйе жағдайында заңнамалық процестің неғұрлым жауапты және ашық болуы үшін негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді, — деді сарапшы.

Спикердің сөзінше, бір палаталы Парламентке көшу — оқшау қадам емес, саяси институттарды нығайтуға және азаматтық белсенділікті арттыруға бағытталған дәйекті реформалар логикасына салынған. Ол бірқатар жүйелік артықшылықтарға ие. Бірінші-ден, жауапкершілік күшейеді, яғни бұрынғыдай екі палата бір-біріне жауапкершілікті ысырып салып отырмайды.

— Екіншіден, бір палаталы құрылым партиялық жүйені нығайтады. Партиялық жүйе саяси бәсекені арттырады, биліктің шамадан тыс жекеленуін азайтады, тәуелсіз институттарды қалыптастырады.

Үшіншіден, бір палаталы Парламент шешім қабылдаудың тиімділігін арттырады. Саяси циклдің жылдамдығы көбінесе реформалардың сәтті немесе сәтсіздігін анықтайтын дәуірде мақұлдау кедегерлері неғұрлым аз болса, идеялар соғұрлым тезірек нақты заңдарға, ал заңдар қоғам өміріндегі нақты өзгерістерге айналады, — деді Жанар Санхаева.

Сенаттан бас тарту асығыстықты көтермейді. Бүгін елдің саяси-экономикалық келешегін шешіп отырған құрылымды бір сәтте алып тастау оңайға соқпауы ғажап емес. Сондықтан Мемлекет басшысының өзі асығыстық танытуға болмайтынын баса айтты.

— Бірден айтайын, бұл — өте маңызды мәселе. Оны асығыс жүзеге асыруға болмайды. Бұл реформа азаматтық секторда, сарапшылар ортасында, сондай-ақ, әрине, қазіргі Парламентте жан-жақты талқылануы қажет. Реформаның мән-маңызы айрықша екенін ескерсек, оны талқылауға бір жыл уақыт керек деп ойлаймын, — деген еді Президент.

АЭС құрылысы қашан аяқталады?

Қазақстанда атом энергетикасын дамыту бағытындағы нақты қадамдар айқындалып келеді. Атом энергетикасы агенттігінің хабарлауынша, алдағы 2–3 жылда атом электр станциясының құрылысы жүргізіледі.

Бұған дейін халықаралық іріктеу нәтижесінде алғашқы атом электр станциясының мердігері әрі операторы ретінде Ресейдің «Росатом» компаниясы анықталған еді. Ауқымды энергетикалық нысан Балқаш көлі жағасындағы Алматы облысына қарасты

Үлкен ауылының маңында бой көтермек.

Белгілі болғандай, станция іске қосылған соң 2 мыңнан астам адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Қуаты 2,5 мың мегаваттан асатын станция шамамен 3 миллионға жуық тұрғын үйді электр энергиясымен қамтамасыз етуге қауқарлы.

Қазақстандағы алғашқы АЭС-ке VVER-1200 реакторлары орнатылады. Жалпы қуаты шамамен 2,4 гигаватт болатын станция 2035 жылдан бастап электр энергиясын өндіре бастайды.

Қазақстан атом энергетикасын дамытуда халықаралық серіктестікке де айрықша мән беретінін айту керек. Жуырда Вена қаласында Халықаралық атом энергиясы агенттігінің (МАГАТЭ) штаб-пәтерінде Қазақстан делегациясының маңызды кездесуі өтті. Кездесуде 2026-2027 және 2028-2029 жылдарға арналған техникалық ынтымақтастық бағдарламалары, атом энергетикасын реттеу, кадр даярлау және ғылыми инфрақұрылымды дамыту мәселелері талқыланды.

Ядролық физика маманы Медеу Абишевтің айтуынша, АЭС құрылысы энергетикалық ресурсты ертаратандыруға көмектеседі.

— Біздің елдің жоспары - күн энергия көздерін 40 пайызға жеткізу. Газға 2035 жылы тыйым салынуы мүмкін. Бірақ уақытша газ электр станциялары болады. Мүмкіндігінше, су электр станцияларын да саламыз деген жоба бар. Бірақ Қазақстанда оның потенциалы төмен. Өйткені бізде су жоқ. Гидро электр станцияларының барлығын салып тастаған. Дегенмен қазір кішігірім станцияларды салуға болады. Бірақ оның өзі бірнеше пайызды ғана құрайтын болады. Сондықтан қазір Қазақстанға негізгі энергия шығаратын көз керек және ол — АЭС. Атом энергиясы - дүниежүзінде қарастырылған бірден-бір энергия көзі, — деді маман.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та бұл бағыттың маңызын бірнеше рет атап өткен болатын. Жақында Мемлекет басшысы Балқаш АЭС мен болашақтағы екінші станция энергетикалық теңгерімді ертаратандырып, көмір мен газға тәуелділікті азайтатынын айтты. Бұл қадам энергетикалық қауіпсіздікті күшейтіп қана қоймай, елдің ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге де жол ашары сөзсіз.

Ерсін ШАМШАДИН,
kaz.inform.kz

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Қаңтар айының 15,29 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Ақпан айының – 12,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз айының – 12,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар – 13,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Ақпан – 10,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 10,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар– 14,28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан – 11,25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 11,25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Қаңтар – 12,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан– 9,23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 9,30 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Қаңтар– 16,30 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Ақпан – 13,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз – 13,27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Әр аптаның сейсенбі күндері Уақыты: Сағ.: 10-00 ден 12-00 ге дейін	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі №43	2-13-70

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКУРГІ ӘКІМІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кереев Әсет Сәкенұлы округ әкімі	Қаңтар айының 14,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Сарбие ауылы Жастар көшесі №16 Сарбие ауылдық округі әкімдігінің ғимараты	35-2-50
		Ақпан айының – 10,20 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Наурыз айының – 11,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Басқарма басшысының аты-жөні, тегі	Қызметі	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау күні және уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны, эл. пошта
Кубаев Гарифолла Антонович	Басқарма басшысы	Әр аптаның сәрсенбі күні 14 ⁰⁰ ,-17 ³⁰	Ойыл селосы, Шернияз көшесі, 60 үй	8 (71332) 21-9-64 ukkbtu.uil@dsm.gov.kz

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда 2-19-64 «Сенім телефонына» хабарласуды сұрайды. Сонымен қатар, ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жөшік орнатылған.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1383 дана. Тапсырыс 0011
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҚАУІПТІ КЕЗЕҢДЕ - ЕРЕЖЕЛЕРДІ ЕСКЕРСЕК...



Қысқы кезең аса қауіпті жыл мезгілі. Өйткені бұл уақытта адам өміріне қауіп төндіретін көптеген стихиялық құбылыстар болады. Қатты борандармен қар жаудың нәтижесінде қысқы табиғи стихиялық күшінің көрсетілуі ауа температурасының күрт төмендеуі, қар басып қалулармен және желдің қатты ұйытқуымен байқалады. Осындай құбылыс бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін болуы мүмкін. Адам организміне негізгі зақымдаушы факторларының бірі төменгі температураның әсері, бұл үсік шалуға кейде қатырып тастауға әкеліп соғады. Сондықтан 112 «Құтқару қызметінен» дауылды-боран SMS хабарлама ескертпесін алған кезде немқұрайлылықпен қарамай, өзіңізді және қасыңыздағы адамдарды қауіпті Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

жағдайда қалдырмас үшін жауапкершілікпен қараған жөн. Егер де боран сіз жолда көле жатқанда басталса, көлесі қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз: -Жолдан адасып кетпес үшін тоқтағаныңыз жөн. -Көлігіңізді желдің бағытына қарсы қойуыңыз керек. -Көлігіңіздің қозғалтқышын қар басып қалмас үшін брезент немесе көрпемен жауып қойыңыз. -Арасында көліктен шығып, қар аршығаныңыз дұрыс. -Түтін шығатын тұрбаның ішіне қар толып қалмауын қадағалаңыз. -Отынды үнемдеп, көлікті анда-санда ғана қыздырғаныңыз жөн. -Қолда бар материалдардан, жарқын түсті матадан құтқарушыларға белгі беретіндей құрал жасап алыңыз және оны көрінетіндей етіп орнатыңыз.

ЖАСТАР КЕҢЕСІНІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАП, ҮЗДІКТЕРДІ МАРАПАТТАДЫ
ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА АУДАН ӘКІМІ ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН, 2025 ЖЫЛҒЫ АУДАН ӘКІМДІГІ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАСТАР ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЕКІНШІ ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ. КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА, ТИІСТІ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, АУДАН, АУЫЛДЫҢ БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫ, СТУДЕНТТЕР ҚАТЫСТЫ.



Күн тәртібіне ұсынылған мәселелер бойынша Ш. Берсиев атындағы, Қайыңды, Қараой ауылдық округтеріндегі мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуы барысы тыңдалды.

Сонымен қатар, жастар ара-

сында құқықбұзушылық, лудомания, нашақорлықтың алдын — алу мақсатында атқарылған жұмыстар және жастар арасында әскери қызметті насихаттау және әскери міндеттерін орындау туралы мәселелер талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселелерге сәйкес, жасалған баяндамалар негізінде ауылдық округ әкімдеріне, мекеме басшыларына ауданда мемлекеттік жастар саясатын қарқынды жүргізуге ықпал ету бойынша кеңес төрағасы Асқар Қайырғалиұлының тарапынан тиісті тапсырмалар берілді. Кеңес отырысында қатысушы жастар тарапынан да, ізгі тілектер мен ұсыныстар айтылды.

Кездесу соңында 2025 жылы мемлекеттік жастар саясатына үлес қосып жүрген 15 номинация бойынша үздік жастар, барлық ауылдық округтердің жастармен жұмыс жөніндегі нұсқаушылары және барлық жастар комитеттері, аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың дипломымен және алғыс хаттарымен марапатталып, естелік сыйлықтар табысталды.

КӘСІПОДАҚ - ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТТІҢ ҮЛГІСІ

ЖЫЛ СОҢЫНДА ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПОДАҚТАР ОРТАЛЫҒЫНЫҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ МАРАПАТТАУ ШАРАСЫ ӨТТІ. АТАЛҒАН ЖИЫН ЕҢБЕК АДАМДАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАП, САЛА ҮЗДІКТЕРІ МЕН КӘСІПОДАҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН АЗАМАТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Салтанатты шара барысында кәсіподақ ардагерлері мен белсенді қызметкерлерге ма-

рапаттар табысталды. Жиында Кәсіподақтар орталығының төрағасы Алтынбек

Әмірғалиев құттықтау сөз сөйлеп, кәсіподақ ұйымдарының еңбек ұжымдарын қорғаудағы рөліне тоқталды. Шара барысында Ойыл аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының есепшісі Роза Китанова мен Ақтөбе облыстық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы ұйымының бас маманы Айжарық Серімбетов «Кәсіподақтар қозғалысына 120 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен марапатталды.

Бұл марапат олардың көп жылғы адал еңбегі мен кәсіподақ қозғалысын дамытуға қосқан үлесінің айғағы болды.

ҚАҢТАР ҚАНДАЙ АЙ?

Қара танымаса да кешегі қазақтың кез келгені синоптика болатын. Аталарымыз ауа райын табиғат құбылыстарына қарап-ақ болжайтын. Қазақты пайымда айдың тосын табиғатына қарай тұрақты тіркестер де қалыптасқан. «Қаңтарда күн қарға адым, ақпанда атан адым ұзарады», «қаңтарда қатқан мұздай», «қаңтардағы жараған бурадай», «қаңтардың сақылдаған сары аязы» деген тіркестер тек осы мезгілдің табиғатына тән.

Қаңтар — көне түркі сөзі. Атүның өзі айтып тұрғандай, қының барынша қысқарып, байланғандай қаңтарылып тұрып қалуына орай «қаңтар» деп аталыпты. Қыс қаһарына мініп, аяздан ауыл арасындағы қатынас үзіліп қалатындықтан бұл айды адамдар көбіне үйде өткізген. Малдың алды төлдер уақыты да қаңтардың сарышұнақ аязына дөп келген.

Сондықтан бұл ай шаруалар үшін бейнетті мезгіл болып саналған. Бабаларымыз табиғат құбылыстарына қарай бүлт желге қарсы көшсе, көшікпей қар жауатынын, ал, ортасынан ыдыраса күн бұзылатынын, шетінен ыдыраса ауа райы жасаратынын болжап, соған орай шаруасын қамдаған. Егер бүлт көкжиектен будақта-ла көтеріліп, іле-шала көтеріл-бей кетсе қатты жел тұрып, соңы аяз болмақ. Ал, бүлт өркештеліп көтерілсе, оның соңы қар болады дей беріңіз. Қолданыстағы күнтізбе бойынша қаңтар қыстың екінші айы. Сонымен қатар, қаңтар ортасынан асқанда орыс халқының дәстүрі бойынша ерекше суық аяз жүреді. Осы

айда қытайлықтардың суық мезгілде тойлайтын дәстүрлі мерекелері де бар. Қаңтар Жердің солтүстік бөлігіндегі жылдың ең суық айы ретінде тіркелсе, оңтүстік бөліктегі ең жылы ай екен. Ертеде жұлдызшылар қаңтарды «дәлу»-деп атаған. «Дәлу» — сөзі тұрақсыздықты, жалғандықты білдіреді. Қаңтар тұрақсыз әрі амалы көп ай. Алғашқы амал — «Күннің таласуы» айдың алғашқы күніне тұспа-тұс келеді. Бұл кезде күн бой көтереді, ауа райы өзгеріп, қар жауады, сырғыма жүреді, боран болуы да мүмкін. Халқымызда «Жылан ысқырып шығады», «Жылқы осырып кіреді» деген қанатты сөз бар. Чуваш тілінде оңтүстік жақты және түс уақытын қаңтар дейді. Бұл да қаңтардың қазақша мағынасына жақын. Қорыта келе қаңтар мен ақпан — қыстың ең суық айлары. Шаруақор қазақ кейде бұл екі айға қар бітіріп, тіл беріп сөйлетіп қоятыны бар. Ондағысы қатал қысқа қамданып, қымтанып келмесе жағдайдың қиын болатынын ескертуі болса керек.

Қаңтар айының жүзі ауып бітуге айналғанда ақпанға қарап айтыпты дейді: «Боз тоқтыда құйрық қалды, бозша қызда бұғақ қалды, қырлан, ақпан, қырлан!», — деп, Қаңтардың мұнысы — «қанша қаһарлансам да титықтатуға мұршам келмейді, тоқтыда құйрық, бойжеткенде бұғақ қалды, енді өзің, ақпан, ақыра кіріс-ші, мен алмаған өшімді өзің алшы» дегендей. Демек, жыл он екі айды шаруақор қазақ түрлі кейіпте елестеткен. Олар үшін Қаңтар мен Ақпан қатыгез, дұшпан сияқты.

Қаңтарда шортан қармақ қақпайды, алабұға ауға түспейді, табан балық торға ілікпейді. Қаңтар — Күн сауле шашқанмен, жылу бермей, қыстың күшіне енер шағы. «Қаңтардың қарлы бораны» аталатын амал айы.

Қаңтар — «Үркер үйден көрінсе, үш ай тоқсан қысың бар» дейтін тоғыз тоғыс айы.Қаңтар айының ақырғы күндерінде «қыстың шілдесі» болады. Психологтардың айтуынша, қаңтар айында туған адамдар шыдамды әрі жігерлі болып келеді. Тағдырдың қандай төлкегі болса да жақындарына салмақ түсірмей, бәрін өз мойындарымен көтереді.

Бұл айда дүниеге келген әйелдер бір қарағанда ұяң көрінеді. Бірақ, ол әшейін көз алдар ғана мінез, шындығында бұл айда туған қыздар ер мінезді болып келеді. Олар еркіндікті сүйеді. Қай салада болсын, биіктен көрінгенді қалайды. Мінездері отбасыларына кейде жайсыздық танытқанымен, өмірлік серігіне әрқашан, қандай жағдай болса да көмектесуге дайын. Қаңтарда туған ерлер әділ әрі жігерлі, сондықтан оларға қиын сәттерде иек арта аласыз.

Олар тіпті тәуекелшіл, шешімді тез қабылдайды. Сонымен қатар, өте тақаппар және ерік-жігері мықты, отбасына жайлы. Тағы бір қызықты жайт, статистикалық мәліметтерге сүйенсек, дүние жүзі бойынша қаңтар айында некелесу сирейді екен. Мамандардың мәліметіне сүйеніп, алдағы айда аз-кем шолу жасадық. Қалай десек те, қаңтар тек жақсылығымен қуанта бергей!

АУРУХАНА ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫМЕН ТОЛЫҚТЫ

АУДАНДЫҚ АУРУХАНАДА ЖАҢА ТУҒАН НӨРЕСТЕЛЕРГЕ ШҰҒЫЛ КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН Т-СИСТЕМА АППАРАТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ. БҰЛ — ҚАРАПАЙЫМ, СЕНІМДІ ЖӘНЕ ТИІМДІ ТЫНЫС АЛУДЫ ҚОЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ, ӨСІРЕСЕ ШАЛҒАЙ АУДАНДАРДАҒЫ ПЕРЗЕНТХАНАЛАР МЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТТЕР ҮШІН ӨТЕ ҚОЛАЙЛЫ.

Нөліктен шалғай аймақтар үшін тиімді? Қарапайым құрылым — қолдануға жеңіл, электр қуатын қажет етпейді. Портативті — шағын, тасымалдауға ыңғайлы. Қауіпсіз — тыныс қысымын (PIP/PEEP) дәл бақылауға мүмкіндік береді, өкпені зақымдамайды. Жаңа туған нәрестелерге бейімделген — алғашқы тыныс алуды қолдайды. NRP (Неонаталды реанимация) халықаралық хаттамаларына толық сәйкес. Бұл құрылғы тыныс алуы әлсіз немесе жоқ нәрестелерге шұғыл көмек көрсету, өкпені ашып, тұрақты тыныс алуды қалыптастыру, шала және асфиксиямен туған балаларға алғашқы реанимациялық



көмек көрсетуге қолданылады. Т-система — шалғайдағы медициналық мекемелер үшін

қолжетімді әрі сенімді құрал. Ол жаңа туған нәрестелердің өмірін сақтап қалуда маңызды рөл атқарады.

ЦИФРАНДЫРУДАҒЫ ТЫҢ БАСТАМАЛАР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы жасанды интеллект саласына ерекше мән берді. 2025 жылы қыркүйек айындағы Жолдауында нақты тапсырмалар беріп, ЖИ-дің маңызын атап өтті.

«Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектті енгізу қажет. Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек», деген еді Президент. Бұл саладағы өткен жылы атқарылған істерді газеттің алдыңғы санында жазған болатынбыз. Биыл да жасанды интеллект және цифрландыру саласы қарқынды дамуын тоқтатпақ емес. 3 жылдың ішінде толық цифрлы мемлекетке айналу үшін алда IT экспортын арттыру, ЖИ-ді барлық салаға енгізу, баршаға қолжетімді экожүйе қалыптастыру міндеті тұр. Сондай-ақ ЖИ-дің игілігін көрсететін ауқымды жобалар нарыққа шығарылмақ.

ЖҮРГІЗУШІСІ ТАКСИ

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі биылдан бастап елімізде жүргізушісіз такси жобасын кезең-кезеңімен іске асыруды жоспарлап отыр. Алдымен нормативтік және технологиялық пысықтау жүргізіліп, одан кейін қанатқақты режимде іске қосу көзделген. Жүргізушісіз такси қалалық мобильділікті ұзақмерзімді дамыту стратегиясының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Халықаралық зерттеулерге сәйкес, автономды көлік технологиялары адам факторын азайту арқылы жол-көлік оқиғаларының санын төмендетуге, көлік қозғалысын тиімді басқаруға және халықтың түрлі топтары үшін қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге мұндай шешімдер ірі қалаларда орнықты көлік жүйесін қалыптастырудың маңызды элементіне айналмақ. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Цифрлық активтер және серпінді технологиялар комитетінің төрағасы Ғиззат Байтұрсынновтың айтуынша, бұл бағытта ең алдымен қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері назарда болады.

«Біз үшін адам мен алгоритмдердің өзара әрекеттесуін алдын ала пысықтау, сондай-ақ автономды көліктің заңды әрі ашық дамуына мүмкіндік беретін нормативтік базаны дайындау маңызды. Автономды такси — технологиялар адам игілігіне қызмет ететін «ақыл-ды қала» экожүйесінің бір бөлігі», деді ол.

Ал «Yandex Qazaqstan» автономды көлік жобасын алдымен қанатқақты режимде іске қоспақ. Компания басшысы Тимур Шәлекеновтің сөзінше, Қанатқақты кезеңде тәулік бойы диспетчерлік байланыс, сапарларды сақтандыру және жол жағдайын үздіксіз бақылайтын жасанды интеллект негізделген басқару жүйесі қарастырылған. Тәжірибе жинақталып, жүйенің тұрақтылығы дәлелденген сайын қызмет ауқымы біртіндеп кеңейтіледі.

БАСЫМ БАҒЫТТАР

Ал елдегі ірі IT орталық «Astana hub» биыл киберқауіпсіздік, индустриялық және өндірістік инновациялар, денсаулық сақтау салаларына бағытталған стартап жобаларға басымдық бермек. Орталық басшысы Мағжан Мәдиевтің айтуынша, ЖИ күнделікті қолданатын құралға айналуға тиіс.

«Біз резиденттеріміздің табысы алдағы уақытта да өседі деп күтеміз, соның ішінде экспорт түсімі артады деген үлкен үмітіміз бар. Сонымен қатар әлемдік нарыққа бағытталған, жасанды интеллектіге негізделген стартаптар саны көбейді деген сенім бар. Қазіргі таңда біз үшін ең маңызды бағыттар — киберқауіпсіздік, индустриялық және өндірістік инновациялар, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында жасанды интеллектің кеңінен енгізу. ЖИ бұл салада тек қанатқақты жоба ретінде емес, күнделікті тәжірибеде қолданылатын құралға айналуға тиіс.

Осы бағыттарда отандық фаундерлердің нәтижеге қол жеткізгенін қалаймыз. Болашағы бар жобалар ретінде «ZYPL AI», «Grand Mobile», «Alma» стартаптарын атап өтуге болады. Бұлар — даму әлеуеті жоғары, нарықта өз орнын таба бастаған жобалар. Дегенмен, алдағы уақытта жаңа

командалар қарқынды өсіп, жақсы нәтижеге жетуі әбден мүмкін. Мұндай жобалардың пайда болуы экожүйенің дамып келе жатқанын көрсетеді. Бағыт айқын, мүмкіндік бар. Енді бастысы — идеяны жүйелі іске асырып, нарық талабына сай өсу», дейді ол.

ҚАЗАҚ ТІЛІ — ЖИ ТІЛІ

Биыл Ғылым және жоғары білім саласында да цифрландыру жұмысы жетілдірілмек. Вице-министр Динара Ринатқызының сөзінше, профессор-оқытушылар құрамының жасанды интеллект құралдарын меңгеруі міндетті нормаға айналып, сертификаттау рәсімі жаппай енгізіледі. Университеттердегі әкімшілік, оқу және академиялық үдерістердің басым бөлігі цифрлық форматта жүзеге асып, шешім қабылдау деректерге негізделген аналитика арқылы жүргізіледі.

«Ғылым саласында 2026 жыл цифрлық ғылыми порталдың толыққанды іске қосылуымен ерекшеленбек. Ғылыми-зерттеу институттары, зертханалар мен жобалар туралы барлық дерек бір жүйеге жинақталып, ғылыми қызметке қатысты мемлекеттік қызмет толықтай электронды форматта көрсетіледі. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жоспарлау, конкурстық іріктеу, қаржыландыру, мониторинг пен есеп беру жұмыстары толығымен цифрлық форматқа көшіп, ашықтық пен тиімділік күшейтіледі. Бұл өзгерістер

жас ғалымдардың ғылыми жобаларға қатысуын жеңілдетіп, ғылымға келуін ынталандыруға бағытталды», дейді вице-министр. Сондай-ақ биыл қазақ тілінің ұлттық сөздік қоры мен ұлттық корпусының мазмұны байытылып, бірыңғай мемлекеттік платформа ретінде жұмыс істей бастайды. Елдегі барлық сөздік, терминологиялық базалар мен мәтіндік корпус жүйеленіп, отандық әзірлеушілер үшін ашық дерек көзіне айналады. Бұл қазақ тіліндегі автоматты аударманы, мәтін өңдеу мен интеллектуалды агенттерді дамытуға серпін беріп, жасанды интеллектің қазақ тілінде қолдану аясын кеңейтеді. Есептеу инфрақұрылымы бағытында 2026 жылы суперкомпьютерлік кластерлерді білім мен ғылым саласында кеңінен пайдалану көзделіп отыр. Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары үшін арнайы тарифтер мен жеңілдетілген қолжетімділік тетіктері іске қосылып, күрделі есептеулер мен жасанды интеллект модельдерін ел ішінде дамытуға мүмкіндік беріледі. Осылайша, биыл цифрлық саясаттың сөзден іске өтетін, дерек, тіл, инфрақұрылым, кадр әлеуетін бір арнаға тоғыстыратын кезеңі болмақ.